



## Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

**Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс**

### Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

### Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

### **Күтілетін нәтижелер:**

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

## Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

### Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

## ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

**Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар** (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) **және ұлттық құндылықтар** – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) **құрайды.**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

**Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:**

- ✓ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздеріне – **30 жыл**;
- ✓ Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға кіруіне – **30 жыл**;
- ✓ Ахмет Байтұрсыновтың туылғанына – **150 жыл**;
- ✓ Қазыбек бидің - **355 жылдығы**;
- ✓ Дінмұхамед Қонаевтың - **110 жылдығы**;
- ✓ Мәншүк Мәметованың туғанына – **100 жыл**;
- ✓ Әзілхан Нұршайықовтың туғанына – **100 жыл**;
- ✓ Роза Бағланованың туғанына – **100 жыл**;
- ✓ Талғат Бигелдиновтың туғанына – **150 жыл**;
- ✓ Сұлтан Бейбарыстың туғанына – **800 жыл**;

**2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:**

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»

- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

**Сынып сағаттарының жоспарларын жасау кезінде оқушылардың жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне назар аудару керек. Тақырыптық сынып сағаттарын өткізу формалары:**

- 1) нақты тақырыптағы әңгіме,
- 2) пікірталас, диспут, дебаттар,
- 3) рөлдік ойындар,
- 4) тақырыптық дәріс,
- 5) сынып жиналысы,
- 6) байланыс сағаты,
- 7) ойын-саяхат,
- 8) тренингтер,
- 9) конференциялар,
- 10) шеберлік сыныптар,
- 11) театрлық қойылымдар

Сонымен қатар, қазіргі заманғы мектеп тәрбие процесінде сабақтан тыс қызметті ұйымдастырудың инновациялық әдістерін, формаларын, модельдерін іздеуді жүзеге асырады, олар:

- қайырымдылық әлеуметтік жобалар;
- елдің мәдени көрікті жерлеріне экскурсиялар;
- Ted форматындағы кездесулер;
- кәсіби бағдар беру мақсатында шақырылған қонақтармен кездесулер;
- стартап-жобаларды қорғау;
- мектеп подкастын жүргізу;
- мектеп газетін ұйымдастыру;
- мектеп серіктестерімен желілік байланыс.

Мысалы, білім алушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік волонтерлік жобасына, «Мектепке жол», «Biz birgemiz» акцияларын жүзеге асыруға кеңінен тартуға болады.

| Негізгі жұмыс бағыттары   | Іс-шаралар  | Жауаптылар                                 | Орындау мерзімдері     |
|---|---|--|------------------------|
| <p><b>Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие</b><br/> Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.</p> | 1 қыркүйек Білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм»   | ДТҒЖО<br>А.Хайреденова<br>Сынып жетекшілер | 01.09                  |
|   | «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы.  | Әлеуметтік педагог                         | 01.08.-30.09. 2022ж    |
|   | «Дін – тәрбие негізі»   | Тарих пәні мұғалімдер                      | 16.11.2022             |
|   | «Отбасы-өмір аясы»  | Педагог-психолог                           | 21.12.2022             |
|   | «Қауіпсіздік ережелері»   | 1-10 - сынып                               | 02.-09                 |
|   | «Қарттарға қамқорлық»   | «Жас Ұлан» ұйымы                           | 01.02.2022             |
|   | «1-наурыз, Алғысым шексіз ...»  | 1-11 сынып<br>Сынып жетекшілер             | 01.03.2022             |
|   | «Ана –отбасы ұйытқысы»  | 9-11-сынып                                 | 07.03.2022.            |
|   | «Ғаламтордағы қауіптілік» Жат ағымдар ақпаратынан сақтанайық!   | 9 сынып                                    | 26.04.2022             |
|   | «Жемқорлықпен қалай күресеміз?»   | «Адал ұрпақ клубы»                         | 26.04.2022 ж           |
|   | «Болашақ ұрпақты жемқорлықтан сақтайық!» сурет көрмесі.   | «Адал ұрпақ клубы»                         | 11.05.2022 ж           |
|   | «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізу   | Мектеп әкімшілігі                          | тамыз, 2022 жыл        |
|   | Тілдер мерекесіне және Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ана тілім – ажарым, асыл мұрам» мерекелік шара 1-11 сыныптар | Тілдер бірлестігі                          | 5-9 қыркүйек, 2022 жыл |
|   | Тәуелсіздік-ұлы ұғым, ұлық мереке! (мерекелік шара)   | ДТҒЖО<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер      | 14 желтоқсан           |
| «Отбасы- мектеп» жобасы аясында «Қарттарымызды қошеметтейміз!» акциясы<br>«Жас қолқанатшылар» тобының жалғызбасты қариялар үйіне сенбілікке баруын ұйымдастыру, мерекеге орай шағын концерттік бағдарламалар ұсыну  | Тәлімгер<br>«Жас қолқанатшылар» командасы   | 4 қазан, 2022 жыл                          |                        |
| <p><b>Рухани-адамгершілік тәрбие</b><br/> Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін,</p>  | Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына орай «М.Әуезов және Абай» әдеби кеш. 9-10-11 сыныптар  | Қазақ тілі пәні мұғалімдері                | 17 қараша, 2022 жыл    |
|   | Жоба «Оқуға құштар мектеп»<br>«Отбасылық оқуға арналған кітаптарға шолу» бейне шолу.  | Кітапханашы                                | 24 қараша, 2022 жыл    |

|  |  |  |                                      |
|--|--|--|--------------------------------------|
| оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру. | «Балалар және театр» жобасы<br>«Ертегілер әлемінде» сахналық қойылым 2-3-4 сыныптар            | Бастауыш сынып мұғалімдері                                 | 8 желтоқсан, 2022 жыл                |
|  | «Мейірімді сөздер километрі» - акциясы 5-8 сыныптар  | Мектеп психологы<br>Сынып жетекшілер                       | 16 ақпан, 2023 жыл                   |
|  | «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп....» Тренингтік кеш 9 - сынып                                | Сынып жетекші  | 10 наурыз, 2023 жыл                  |
|  | «Дін және ғылым: суицид туралы» шарасы Дөңгелек үстел 10-11 сыныптар                           | Сынып жетекшілер   | 13 сәуір, 2023 жыл                   |
|  | «Мен саған жылу сыйлаймын» жобасы аясында «Сүйікті мектебімнің түлегі» акциясы                 | Мектеп әкімшілігі  | Сәуір -мамыр, 2023 жыл               |
| <b>Ұлттық тәрбие</b><br><br>Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.  | «Ұлттың ұлы ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы» танымдық шаралар топтамасы                             | Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі<br>Сынып жетекшілер | Қыркүйек                             |
|  | «Тіл – татулық тірегі» ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесіне арналған шаралар /бөлек жоспар/ | Гум.пәндер бірлестігі                                      | 22 қыркүйек                          |
|  | Аналар, әкелер мектебінің жұмысын ұйымдастыру /бөлек жоспар/                                   | ДТЖО<br>Ата-аналар қоғамдық кеңесі                         | Жыл бойы                             |
|  | Қазыбек би – Ұлы Дала тұлғасы” (оқушылар арасында конференция)                                 | ДТЖО<br>Тарих-география пәні бірлестігі                    | 9 желтоқсан                          |
|  | «Мемлекеттік рәміздер-Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтары» шаралар топтамасы                 | Сынып жетекшілер<br>мектеп тәлімгері                       | Қазан, Желтоқсан<br>Ақпан,<br>Маусым |
|  | «Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның белгісі» танымдық сағаттар                                      | ДТЖО, сынып жетекшілер                                     | 14.11-18.11                          |
|  | «Ұлыстың Ұлы күні- Наурыз!» мейрамы /бөлек жоспар/   | ДТЖО<br>Сынып жетекшілер                                   | 13-18 Наурыз                         |
|  | «Рухы жоғары халықтың тарихы мәңгілік» мұражайларға саяхат                                     | «Жас Ұлан» ұйымы   | Жыл бойы                             |



|  |  |  |                     |
|--|--|--|---------------------|
| <b>Отбасылық тәрбие</b><br>Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. | 1-11 сынып ата-аналарына жалпы ата-аналар жиналысы<br>Ата-аналар комитетін сайлау                  | Сынып жетекшілері                              | Қыркүйек            |
|  | Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру  | МДТЖО<br>Әлеуметтік педагог                    | Қыркүйек            |
|  | «Әкелер», «Аналар» мектебі жұмысын ұйымдастыру   | МДТЖО  | Қыркүйек            |
|  | «Бір күн ата-ана жұмысында» тақырыбында оқушылардың кәсіби бағдарлануына ықпал ету                 | Сынып жетекшілері                              | 18.10-21.10         |
|  | «Қазіргі заманның отбасы ол қандай болуы керек?» тақырыбында дебат                                 | Дебаттық клуб жетекшісі                        | 16.11               |
|  | «Оқырман отбасы» тақырыбындағы сайыс   | Кітапханашылар                                 | 07.12               |
|  | «Отбасы-орта мектеп» тақырыбында Ашық есік күні  | МДТЖО<br>Сынып жетекшілер                      | Қаңтар              |
|  | «Мектептегі бір күн»   | Сынып жетекшілер                               | Ақпан               |
|  | «Мен және анам» тақырыбындағы аналар сайысы  | Мектеп тәлімгері                               | Наурыз              |
|  | «Отбасындағы зорлық –зомбылықтың алдын алу» тақырыбындағы жиналыс                                  | МДТЖО<br>Мектеп психологы<br>Мектеп инспекторы | Сәуір               |
|  | 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасым – алтын қазынам» тақырыбындағы тәрбие сағаттары | Сынып жетекшілері                              | 12.05-15.05         |
|  | «Толағай» отбасылық спорттық сайыс   | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері                | 12.05               |
| <b>Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие</b><br>Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде  | «ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ:<br>« Еңбегімен еліне еленгендер»                                    | Сынып жетекшілер                               | Қыркүйек<br>3-апта  |
|  | «ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ:<br>«Ұстаз-ұлы есім» ардагер ұстаздарды ұлықтау                      | ДТЖО<br>Мектеп тәлімгері                       | Қазан<br>1-апта     |
|  | «ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ: «Еңбек –ер атандырады» кәсіпорындарға виртуальды саяхат             | Мектеп тәлімгері                               | Қараша<br>2 апта    |
|  | «Экономика –біздің өмірімізде»   | 4-7 сынып жетекшілері                          | Қараша<br>4 апта    |
|  | «ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ: «Менің болашақ мамандығым-менің мақтанышым» шығармалар байқауы      | ДТЖО<br>Қазақ тілі пәні мұғалімдері            | Желтоқсан<br>4-апта |
|  | «ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ МҰРАТЫ» ЖОБАСЫ: «Мамандықтар әлемін ашамыз» шеберлік сынып                          | ДТЖО<br>Кәсіби бағдарға                        | Қаңтар<br>2-апта    |

|   |   |  |                    |
|---|---|--|--------------------|
| табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.   |   | жауапты маман  |                    |
|   | «ҚОҒАМҒА –ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ<br>«Кәсіптік бағдар – болашаққа жол» дөңгелек үстел  | ДТЖО<br>Кәсіби бағдар беруші   | Ақпан<br>2 апта    |
|   | «ЕРТЕ ЖАСТАН БАСТАП ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ: «Қоқысты кәдеге жаратуға болады деген пікірмен келісесіз бе? » пікірсайыс | ДТЖО<br>Дебат жетекшісі<br>Н.Сайфуллина                              | Ақпан<br>4-апта    |
|   | «ЕРТЕ ЖАСТАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ:<br>«Тұрмыстық қалдықтардың екінші өмірі» атты қолөнер байқауын ұйымдастыру       | ДТЖО<br>Көркем еңбек пәні мұғалімдері<br>И.Майемеров<br>А.Бажекенова | Наурыз<br>3-апта   |
|   | «ЕРТЕ ЖАСТАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ:<br>«Сенбілік – тазалық кепілі» оқушыларды еңбекке баулу                          | ДТЖО<br>5-11 сынып жетекшілері                                       | Сәуір<br>2-апта    |
|   | «ҚОҒАМҒА –ҚЫЗМЕТ» ЖОБАСЫ<br>«Халықаралық Жерді қорғау күні» нақты тақырыптағы әңгіме, ой алмасу                             | ДТЖО<br>1-11 сынып жетекшілері                                       | Сәуір<br>3 апта    |
|   | «Кәсіби таңдауым- өмірлік қалауым» жоғарғы, арнаулы кәсіптік білім оқу орындарының мамандарымен кездесу                     | ДТЖО   | Мамыр<br>2 -апта   |
| <b>Интеллектуалды тәрбие ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу</b><br><br>Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін | «Ұшқыр ой алаңы » дебаттық қозғалысы : «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»- пікірталас                             | ДТЖО<br>Дебатқа жетекшісі<br>Н.Сайфуллина                            | Қыркүйек<br>1-апта |
|   | «Оқуға құштар мектеп»<br>«Өзің оқы, өзгеге табыс ет» кітап оқу эстафетасы   | ДТЖО<br>Кітапханашысы<br>Сынып жетекшілер                            | Қазан<br>3-апта    |
|   | «Кибер қауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері» ақпараттық сағат 1-11 сыныптар                                  | Педагог-психолог<br>Сынып жетекшілер                                 | Қараша<br>2-апта   |
|   | «Ғаламторсыз бір күн» танымдық сағат  | Мектеп тәлімгері<br>Д.Хансултанова                                   | Қараша<br>3-апта   |
|   | «Оқуға құштар мектеп»<br>Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» кітабына талдау, сайыс  | ДТЖО<br>Сынып жетекшілер   | Ақпан<br>2 апта    |
|   | «Ұшқыр ой алаңы » дебаттық қозғалысы :<br>«Интернеттің пайдасы мен зияны» дебат   | ДТЖО<br>Дебат жетекшісі<br>Н.Сайфуллина                              | Наурыз<br>2- апта  |
|   | «Ақпараттық мәдениет негіздері» ақпараттық сағат  | ДТЖО<br>Ақпарат фракциясы  | Наурыз<br>4-апта   |

|  |   |  |                 |
|--|---|--|-----------------|
| мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.  | «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуальды ойын   | Мектеп тәлімгері   | Сәуір<br>2 апта |
|  | «Ой мен ойын» ақпараттық көшбасшылар сайыс  | ДТЖО<br>«Мәдениетпен өнер»<br>фракциясы тьюторы                      | Мамыр<br>1 апта |
| <b>Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие</b><br>Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. | «Ғажайып күз»<br>Күз байқауы  | ДТЖО<br>Мектеп тәлімгері<br>Сынып жетекшілер                         | Қазан –қараша   |
|  | Мұғалімдер күніне арналған апталық<br>«Ұстазым, ұлағатым -үлгі өнегем!» мерекелік концерт<br>1-11 сыныптар                                    | ДТЖО<br>Мектеп тәлімгері<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп парламенті    | Қазан           |
|  | «Тәуелсіздік жырлары» (шығармашалық байқау)   | Мектеп тәлімгері<br>Мектеп парламенті                                | Желтоқсан       |
|  | Мектепішілік «Ұшқыр ой алаңы» дебат турнирі   | Дебат жетекшісі<br>Н.Сайфуллина                                      | Қаңтар          |
|  | «Ел таны» (танымдық сағат)  | Кітапханашы<br>Ш.Өңешбаева   | Ақпан           |
|  | «Ұлым, сен де жігіт болып келесің...»<br>Ұл балалармен жұмыс  | Ұл балалар ұйымы   | Ақпан           |
|  | «Шеберлер алаңы» (шығармашылық байқау)  | И.Майемеров<br>А.Бажекенова  | Наурыз          |
|  | «Күлкі көңіл ажары» КТА   | Мектеп парламенті  | Сәуір           |
|  | 1 мамыр-Бірлік пен татулық күні<br>(Ассамблея)<br>«Қазақстан-бейбітшілік пен келісім мекені»  | ДТЖО А.Хайреденова<br>Тәлімгер<br>Д.Хансултанова<br>Сынып жетекшілер | Сәуір           |
|  | Сыңғырла соңғы, соңғы қоңырау!  | ДТЖО А.Хайреденова<br>Тәлімгер<br>Д.Хансултанова<br>Сынып жетекшілер | Мамыр           |
|  | Оқушылардың спорт секциялары мен қамтылуын бақылауда ұстау<br>«Денсаулық зор байлық» іс-шарасы бойынша түрлі спорттық жарыстарды ұйымдастыру. | Сынып жетекшілер<br><br>Дене шынықтыру мұғалімдері                   | Қыркүйек        |

|   |   |  |           |
|---|---|--|-----------|
| <p><b>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты</b></p> <p>Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.</p> | «Жат әрекеттен сақтан!» оқушылар арасында салауатты өмірге насихат жұмыстарын жүргізу   | Сынып жетекшілер   | Қазан     |
|   | «Бірінші байлық денсаулық...» тәрбие сағаттары бастауыш сыныптар<br>«Туберкулез жұқпалы ауру» тақырыбында оқушылар арасында диктант алу.<br>«Зиянды заттардан сақтан!» оқушылар арасында челендж ұйымдастыру.   | Медбике<br>Сынып жетекшілер<br><br>Мектеп парламенті           | Қараша    |
|   | «Бала бойы уланбасын» арнайы маман дәрігерлермен кездесу өткізу.<br>«Спорт – менің досым» спорт сайыстарын ұйымдастыру<br>«Көңілді старт» 1-4 сыныптар Тәуелсіздік күніне арналған спорттық сайыстар<br>АҚТЖ жұқтыру жолдары 8-9 сыныптар (АҚТЖ дәрігерлерімен кездесу) | Медбике<br>Дене шынықтыру пәні мұғалімдері                     | желтоқсан |
|   | Тұмаудың алдын алу жолдарының профилактикасы 1-9 сынып<br>«Тіршіліктің негізі-салауатты болашақ!» тәрбие сағаты   | Медбике<br>Сынып жетекшілер                                    | Қаңтар    |
|   | «Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау!»,<br>«Мен салауатты өмірді қолдаймын!»<br>Жеке гигиена туралы әңгіме<br>Мектепшілік турнирлер (шахмат, тоғызқұмалақ)   | ДТЖО<br>Медбике<br>Дене шынықтыру пәні мұғалімдері             | Ақпан     |
|   | «Денсаулыққа зиян келтіретін факторлар» психологтармен сауалнама жүргізу<br>«Нашақорлық – ұлттың қауіпсіздігі»<br>7-9 дөңгелек үстел<br>Ұлттық ойындар 5-8 сыныптар   | Психолог, сынып жетекшілер<br>Дене шынықтыру пәні мұғалімдері  | Наурыз    |
|   | «Дені саудың – тәні сау!» дойбы, шахмат сайыстарын ұйымдастыру  | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері                                | Сәуір     |
|   | «Денсаулық зор байлық» 5-7-сыныптар арасында спорттық сайыстар өткізу<br>Жұқпалы аурулар туралы дәріс<br>1-9 сыныптар<br>«Темекі және жастар» пікірталас<br>5-9 сыныптар  | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері<br>Сынып жетекшілер<br>медбике | Мамыр     |